

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынудың және оларды тапсырудың тәртібі туралы нұсқаулықты, Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары құжаттарының үлгілерін және Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары белгілерінің сипаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 8 қарашадағы № 90 өкіміне толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 353 өкімі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынудың және оларды тапсырудың тәртібі туралы нұсқаулықты, Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары құжаттарының үлгілерін және Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары белгілерінің сипаттамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 8 қарашадағы № 90 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 53, 521-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген өкімге 3-қосымшада:

«Құрмет» (Почет) орденінің сипаттамасынан кейін осы өкімге қосымшаға сәйкес «Еңбек Даңқы» (Трудовая Слава) орденінің сипаттамасымен толықтырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Президенті

Н.Назарбаев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Президентінің

2015

жылғы

31

наурыздағы

№ 353

өкіміне

ҚОСЫМША

«Еңбек Даңқы» (Трудовая Слава) ордені

«Еңбек Даңқы» ордені үш дәрежеден тұрады.

I дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденінің белгісі дұрыс бесбұрышты нақышталған жұлдыз болып табылады. Жұлдыз сәулелерінің жиегі көрнекі дөңес ернеумен безендірілген. Жұлдыз сәулелерінің орталарына мөлдір лағыл эмаль жағылған, оның астында ромб тәрізді бұдырлы өрнек жарқырайды. Жұлдыз сәулелерінің арасынан үшқұлақ түрінде ұлттық оюмен күлтелер орналасқан.

Бесбұрышты жұлдыздың ортасында диаметрі 14 мм дөңгелек қалқан түрінде

жапсырма орналасқан. Қалқан ортасында мөлдір лағыл эмаль аясында «Еңбек Даңқы» деген жазу орналасқан. Қалқан астын көгілдір эмаль жағылған лента мен геральдикалық қалқан алып жатыр. Геральдикалық қалқанда, мөлдір лағыл эмаль аясында орден дәрежесінің белгілеуі - «I» рим саны орналасқан.

Орден белгісінің диаметрі 45 мм, алтын жалатылған күмістен жасалған.

Орден белгісі құлақша мен екі шынжырша арқылы тікбұрышты нысандағы тағанмен біріктіріледі. Таған биіктігі 22 мм, ені 37 мм, белгіні бекітетін екі шығыршық бар. Таған үстіне екі қызыл айқаспалы жолағы бар көгілдір эмаль жағылған.

Тағанның артқы жағында визорлық ілгегі бар түйреуіш орнатылған, оның көмегімен бұйым киімге тағылады.

Бұйымдағы барлық бейнелер мен жазулар дөңес, жылтыр.

Жұлдыздың артқы жағында реттік нөмір түсірілген.

II дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденінің белгісі дұрыс бесбұрышты нақышталған жұлдыз болып табылады. Жұлдыз сәулелерінің арасынан алтын түсті үшқұлақ түрінде ұлттық оюмен күлтелер орналасқан. Бесбұрышты жұлдыздың ортасында диаметрі 14 мм дөңгелек қалқан түрінде алтын түсті жапсырма орналасқан. Қалқан ортасында мөлдір лағыл эмаль аясында «Еңбек Даңқы» деген жазу орналасқан. Қалқан астын көгілдір эмаль жағылған лента мен геральдикалық қалқан алып жатыр. Геральдикалық қалқанда, мөлдір лағыл эмаль аясында орден дәрежесінің белгілеуі «II» рим саны орналасқан.

Орден белгісінің диаметрі 45 мм, алтынмен әрлеп күмістен жасалған.

Орден белгісі құлақша мен екі шынжырша арқылы тікбұрышты нысандағы тағанмен біріктіріледі. Таған биіктігі 22 мм, ені 37 мм, белгіні бекітетін екі шығыршық бар. Таған үстіне төрт қызыл айқаспалы жолағы бар көгілдір эмаль жағылған.

Тағанның артқы жағында визорлық ілгегі бар түйреуіш орнатылған, оның көмегімен бұйым киімге тағылады.

Бұйымдағы барлық бейнелер мен жазулар дөңес, жылтыр.

Жұлдыздың артқы жағында реттік нөмір түсірілген.

III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденінің белгісі дұрыс бесбұрышты нақышталған жұлдыз болып табылады. Бесбұрышты жұлдыздың ортасында диаметрі 14 мм дөңгелек қалқан түрінде жапсырма орналасқан. Қалқан ортасында мөлдір лағыл эмаль аясында «Еңбек Даңқы» деген жазу орналасқан. Қалқан астын көгілдір эмаль жағылған лента мен геральдикалық қалқан алып жатыр. Геральдикалық қалқанда, мөлдір лағыл эмаль аясында орден дәрежесінің белгілеуі - «III» рим саны орналасқан.

Орден белгісінің диаметрі 45 мм, күмістен жасалған.

Орден белгісі құлақша мен екі шынжырша арқылы тікбұрышты нысандағы тағанмен біріктіріледі. Таған биіктігі 22 мм, ені 37 мм, белгіні бекітетін екі шығыршық бар. Таған үстіне алты қызыл айқаспалы жолағы бар көгілдір эмаль жағылған.

Тағанның артқы жағында визорлық ілгегі бар түйреуіш орнатылған, оның

көмегімен бұйым киімге тағылады.
Бұйымдағы барлық бейнелер мен жазулар дөңес, жылтыр.
Жұлдыздың артқы жағында реттік нөмір түсірілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК